

**DEVELOPMENT OF COHERENT SPEECH IN CHILDREN WHOSE SPEECH
LANGUAGE IS NOT DEVELOPED**

**СӨЙЛЕУ ТІЛІ ДАМЫМАҒАН БАЛАЛАРДЫҢ БАЙЛАНЫСТЫРЫП СӨЙЛЕУ ТІЛІН
ДАМЫТУ**

Rakhymbayeva Gulbarshyn Abdikalykovna

Special teacher, speech therapist

KMM Gymnasium No. 15. Almaty

ABSTRACT

When checking speech activity, the most important component is to determine the state of coherent speech of children with general speech underdevelopment. The work on speech development is very closely related to play, physical education, music, and the formation of elementary mathematical concepts. Each action has its own characteristic tasks to be solved, issues of speech development of children with hearing impairment. Various types of artistic activities also play an important role in a child's development. These include sensory perception, the formation of ideas about the environment, and emotional and aesthetic effects. According to special psychological data, a child's coherent speech is carried out only if he consciously perceives objects of the environment. Therefore, it was noticed that educational work, such as teaching coherent speech, the ability to make sentences from words, providing a conscious understanding of the meaning of individual words, analyzing the sound composition of words in a sentence, understanding the order of place, is not carried out enough in special schools.

Keywords: speech, anatomy, education, game, cognitive process.

АНДАТПА

Сөйлеу әрекетін тексеру кезінде ең маңызды құрамдас бөлігі-сөйлеудің жалпы дамымаған балалардың үйлесімді сөйлеу күйін анықтау. Сөйлеуді дамыту бойынша жұмыс ойынмен, дене тәрбиесімен, музыкамен, қарапайым математикалық көріністерді қалыптастырумен өте тығыз байланысты. Әр іс-әрекеттің өзіне тән шешілетін міндеттері, есту қабілеті бұзылған балалардың сөйлеуін дамыту мәселелері бар. Баланың дамуында әр түрлі көркемдік іс-шаралар да маңызды рөл атқарады. Оларға сенсорлық қабылдау, қоршаған орта туралы идеяларды қалыптастыру, эмоционалды-эстетикалық әсер жатады. Арнайы психологиялық мәліметтерге сәйкес, баланың үйлесімді сөйлеуі қоршаған орта объектілерін саналы түрде қабылдаған жағдайда ғана жүзеге асырылады. Сондықтан біртұтас сөйлеуді үйрету, жеке сөздердің мағынасын саналы түрде түсінуді қамтамасыз ететін сөздерден сөйлем құра білу, сөйлемдегі сөздердің дыбыстық құрамын талдау, орын тәртібін түсіну сияқты тәрбие жұмысы арнайы мектептерде жеткіліксіз жүргізілетіні байқалды.

Кілтті сөздер: сөйлеу тілі, анатомия, тәрбие, ойын, таным процес.

КІРІСПЕ

Жалпы сөйлеу тілін дамыту олардың ойын өрбіту, сол арқылы баланың қалыптасуына жағдай жасау – оқу-тәрбие мәселесіндегі негізгі мақсаттардың бірі. Қалыпты бала өз ойын тіл арқылы жеткізеді. Ал жалпы сөйлеу тілі дамымаған бала тілінің дамуы, оның сөйлеу мүмкіндігінің қалыптасуы бірден пайда болмайтын күрделі психологиялық процесс. Ол жүйелі жүргізетін жұмыс түрлерінің негізінде жүзеге асады. Осы міндеттерді жүзеге асырудың алғы шарты ретінде үздіксіз тәрбие мен білім берудің тұжырымдамалары жасалып, соның негізінде оқыту, тәрбиелеу мазмұнын түбегейлі жақсарту көзделіп отыр.

Қазіргі кезеңде бұндай балалардың саны күрт өсуде. Сөйлеу тілінің жалпы дамымауын түзетіп, оны алдын-алу шаралары уақытында жүргізілмесе, балалардың мектепте оқуы қиынға түседі. Оның салдарынан бала қоршаған адамдармен қарым-қатынасқа түсуі де күрделенеді.

Сөйлеу тілінің жалпы дамымауы бар балаларда жалпы білім беру ұйымдарда тәрбиеленушілердің сөздік қорын байыту мақсатында, жетіспеушіліктерін түзету үшін, таным процестерін дамыту үшін, жеке тұлға қасиеттерін тәрбиелеуде заттық-тәжірибелік іс-әрекетінің мүмкіндігі өте мол. Мысалы, бұл категория балаларына жалпы сөйлеу тілінің дамымауы тән. Сөйлеу тілінің барлық жағының дамымауы олардың айналасындағы адамдармен қарым-қатынасын шектейді, ал ол болса танымдық жетілуіне кері әсерін тигізеді. Тіл кемістігі бар балалардың сөйлеу тілін қалыптастыру логопедияның көкейкесті мәселесінің бірі. Дегенмен, қазақ тілді білім беру мекемелерінде бұл мәселенің кейбір қырлары әлі жеткіліксіз зерттелген. Бірақ, олар ары қарай жетілдіруді, нақтылауды және түзетушілік, дамытушылық ықпалын арттыруды қамтамасыздандыратын қосымша әдіс-тәсілдерді қажет етеді.

Қазіргі таңдағы білім беру жүйесінің негізгі бағыты оқушының сөздік қорларын дамыту, жетілдіру, қалыптастыру болып табылады. Мектеп мұғалімдерінің негізі міндеттерінің бірі – оқушыларды жүйелі сөйлеуге үйрету және машықтандыру. Демек, тіл дамыту жұмысы мектепте үздіксіз және мақсатты түрде жүргізіледі.

Қазақ зиялылары келесі еңбектер жазып, қазақ тілін оқыту әдістемесінің негізін қалаған ғалымдар оқушылардың сөздік қорларын мәндес сөздер арқылы таныта дамыту бойынша (Ы.Алтынсарин), тақырып бойынша сөздерді топтастыру ерекшеліктерін (А.Байтұрсынов), оқушылардың сөздік қорларын байыту мәселесін мәтінді түсініп оқуымен байланыстырады. Ондағы кездескен түсініксіз сөздердің мәнін игерту, сөздік жұмыстары арқылы балалардың кітапты дұрыс түсініп оқуына ықпал жасауға болатындығын тауып көрсетеді.

Баланы қоршаған дүниемен таныстыру – баланың психикасын дамытудың, оның жеке басының сапасын қалыптастырудың қажетті шарты. Тәрбиешінің міндеті заттар жөніндегі, адамдар мен олардың еңбегі жайындағы балалардың ой-өрісін кеңейту болып табылады. Қоршаған ортаны танып-білу балаларды адамдарға деген сүйіспеншілікке, олардың қайғысы мен қуанышына ортақтасуға, мейірімділікке, еңбек адамын құрметтеуге тәрбиелеумен тығыз ұштастыру қажет. Психологтың көзқарасынан табиғатты белсенді түрде танумен байланысты қызмет неғұрлым көп болатыны жайлы тұжырым жасаймыз.

Баланы әңгімелеуге үйрету- оның сөздерді байланыстыруын жақсы қалыптастырады. Баланың сөйлеуі оның ойлауымен бірқалыпты дамиды. Бастауыш сынып балалардың ойлауында маңызды өзгерістер орын алады: ой-өрісі жетіледі, ойлау қабілеті дамиды, білімі ұлғаяды, сөздік қоры молаяды. Алайда, балалар ойлау және тілдік дағдыларын айналасымен қарым-қатынас жасанғаннан кейін ғана иемденеді. Бұл жерде балаға эмоционалдық қарым-қатынасы өзіне жақын ересек адам маңызға ие.

Балаға туғаннан бастап жылу, сезім, махаббаттың жеткіліксіздігі де, баланың тіл дамуына жағымсыз әсер етеді. Мұндай жағдай көбіне отбасылық жағдайы төмен, ата – аналары ішімдікке салынған жағдайда, анасының жоқтығы, дүниеге келген күнінен бастап балалар үйінде тәрбиеленгендіктен, оларға жеткілікті түрде назар аударылмағандықтан туындайды.

Я.С. Выготский алғаш рет баланың психикалық дамуын оқыту туралы ереже қабылдады, бұл зерттеу өзінің дамуын жалғастыруда. Неғұрлым қарқынды және алуан түрлі ақпарат ағыны түскен сайын, баланың миы тезірек дамиды, функционалдық және анатомиялық жетілу орталық жүйке жүйесі күшейе түседі, бірақ келіп түскен ақпараттар жас және психикалық ерекшелігіне сай болуы тиіс екендігі анықталды.

Психологиялық принциптердің бірі, балармен тілдік қатынаста болу, дамытушылық принципі болып табылады. Психологиялық дамуда сензитивтік кезең басым орын алады, бұл кезеңде бала қоршаған ортадағы жағдайға ерекше әсермен қарайды. Тіл дамуына қажетті жас 1,5-3 болып табылады.

Бұл неғұрлым қолайлы, даму кезінде бала сөйлеуді жақсы меңгеріп алады, өзгелермен қарым-қатынасы жақсара түседі. Сензитивті кезеңде сөйлеу мінез-құлқы қалыптасады, ерекше сөйлеу сезімі пайда болады.

Сөйлеу тілінің жалпы дамымаудың пайда болу себептері, яғни этиологиясы әртүрлі болады. Сөйлеу тілінің дамымау себептері көп жағдайда акустикалық-гностикалық процестердің әлсіздігінен болады. Бұндай жағдайларда есту қабілеті сақтаулы болғанда сөйлеу тілінің дыбыстарын қабылдау қабілетінің төмендігі байқалады. Естіп қабылдау бұзылуының нәтижесі: біріншіден, фонемаға тән акустикалық белгілерді дұрыс ажырата алмауы, екіншіден, дыбыс айту бұзылыстары және сөздің буындық құрамын қайталаудағы қателер болып табылады.

Сөйлеу қызметін тексеруде жалпы сөйлеу тілі дамымаған балалардың байланыстырып сөйлеуінің жағдайын анықтау ең маңызды құрама бөлік болып табылады. Сөйлеу тілі дамымаған балалардың байланыстырып сөйлеу тілін зерттеу мәселесі ресейлік автор В.П. Глуховтың арнайы зерттеуінің пәні болды. Оның пікірі бойынша, жалпы сөйлеу тілі дамымаған балалардың көбі таныс ертегінің мазмұнын айтуда қиналады, әсіресе, әңгімелеудің басында және кейіпкерлердің әрекеттерінің кезектілігін айтқан Т.А Пескишева .

Байланыстырып сөйлеу тілін дамытуда ертегілерді қолдану жалпы сөйлеу тілі дамымаған балалардың тұлғалық дамуына, қоршаған ортамен өзара қарым-қатынасын жетілдіруіне әсер етеді. Байланыстырып сөйлеу тілін дамытуда ертегілерді қолдану балалардың танымдық қызығушылықтарын, оқуға деген ынтасын арттырып, баланы талдауға, ойын жеткізуге, себеп-салдарға байланыс орнатып сөйлем құрауға, қортыныды жасауға үйретеді. Сол

себепті, баланың дамуы үшін ертегілерді қолдану кешенді әсер етуді қамтамасыз етеді. Логопедияның жұмысында ертегілерді қолданудың мақсаты жалпы сөйлеу тілі дамымаған балалардың қарым-қатынас дағдыларын дамыту, дыбыс айту жағын жетілдіру, диалогтік және монологтік сөйлеу тілін дамыту, халық ауыз әдебиетіне деген қызығушылықтарын ояту болып табылады.

Қорытындылай келе, жоғарыда келтірілген талдауларға сүйене отырып, жалпы сөйлеу тілі дамымаған балалардың байланыстырып сөйлеу тілін дамытуда баланың эмоционалды – ерік сферасының дамуына, сөйлеу тілінің даму динамикасына әсер ететіні анық екені белгілі болды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Өмірбекова Қ.Қ., Оразаева Г.С., Төлебиева Г.Н., Ибатова Г.Б. Алматы: Дәуір, 2011. — 648 б.
2. Логопедия. Методическое пособие для логопедов и студ. дефектол. фак. пед. вузов в 5-ти кн. / ред. Л. С. Волкова. - М. : Владос, 2003
3. Ибатова Г.Б., Коржова Г. Дамуында түрлі ауытқуы бар балалардың сөйлеу тілі дамуының ерекшеліктері. М. Алматы, 2010
4. Ибатова Г.Б. Сөйлеу тілі жалпы дамымаған III-деңгейдегі балалармен логопедиялық жұмысты ұйымдастыру: Әдістемелік ұсынымдар. – Алматы, 2014. 70 бет.
5. Өмірбекова Қ.Қ., Оразаева Г.С., Төлебиева Г.Н., Ибатова Г.Б. Алматы: Дәуір, 2011. — 648 б.
6. Тұрғынбаева Б.А. Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту. // Бастауыш мектеп №7, 1997.
7. Тұрғынбаева Б.А. Бастауыш қазақ мектептерінде дамыта оқыту жүйесінің идеяларын пайдалану мүмкіндіктері // Білім берудегі менеджмент. №1, 1996.